8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Ибраева Асылзат Утжановнаның «**Жеткіншектердің стреске төзімділігін сахналық өнерді үйрету процесінде қалыптастыру**» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Бүгінгі қоғамның жаһандану мен инновациялық ұтқырлық, технологиялық пен технократтық, ақпараттық цифрлық өзгерістеріне сәйкес қарқынды дамуы мен рухани жаңғыруы жағдайында жеткіншектердің стреске төзімділігін қалыптастырудың қажеттілігі артып отыр. Олай дейтініміз қазіргі уақытта қоғамның, тұрмыстық өмірдің жоғары стрессогенділігі, адамның психикалық және соматикалық денсаулығының тұрақсыздығы жүйке-психикалық төзімділігінің төмендеуіне әкеліп соқтырып отыр.

Осыған байланысты мемлекеттік тұрғыдан жас ұрпақтың психологиялық және психикалық денсаулығына ерекше көңіл бөлініп отыр. Өйткені жеткіншектердің құндылығы мен жеке өзін-өзі анықтауы, оның дербес, жеке және психофизиологиялық сипаттамаларын дамыту қажеттілігі маңызды саналады.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылдың қыркүйегіндегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында өскелең ұрпақтың дамуы мәселесінің қазіргі жағдайы аландататындығы және оны шешу мәселелеріне қатысты міндеттер қойылған.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымы мен тәжірибесі саласында Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде студенттердің стреске төзімділігін дамытудың теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерін зерттеуге мән берілуде. Ал мектеп оқушыларының, соның ішінде жеткіншектердің стреске төзімділігін дамыту қарастырылмаған. Оған қоса жеткіншектердің стреске төзімділігін сахналық өнерді үйрету барысында қалыптастыру бұл зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын арттырады. Өйткені сахналық өнердің адами қалыптасудағы мүмкіндіктерінің жоғары екендігін, актерлік рөлдерді орындаудағы, тыңдаудағы, көрудегі, бойына сіңірудегі адамның сахнада қоғамдық жағдайлар мен өмірлік жәйттердің қиын-қыспақтарынан шығуды басынан өткеруі арқылы психологиялық күй-кешетіндігін ескерсек, аталған өнердің жас ұрпаққа тағлымдық тәрбиесінің әсерінің айқындығы ғана емес олардың стреске төзімділігін қалыптастыруға ықпал ететіндігі ақиқат. Осы айтылғандар жеткіншектердің стреске төзімділігін сахналық өнерді үйрету процесінде қалыптастыру мәселесін ғылыми тұрғыдан зерттеп қана қоймай, әдістемелік қамтамасыздандыру қажеттігін көрсетті.

Осы тұрғыдан жалпы білім беретін мектептерде, оқушылар сарайында сахналық өнерді үйрету арқылы жеткіншектердің стреске төзімділігін қалыптастырудың маңыздылығы артады. Өйткені бүгінгі таңда ұлттық өнерді үйрету арқылы оқушылардың ұлттық мәдениетке, салт-дәстүрлерге, өнерге қызығушылығын арттыру мен дамытуға олардың қатысуын қамтамасыздандыру қажеттілігінің өзектілігі, *бұл біріншіден, екіншіден* жеткіншектердің стреске төзімділігін қалыптастыруда сахналық өнер технологиясының жоғары мүмкіндіктерінің болуы мен *үшіншіден* отандық ғылымда осы мәселенің зерттелмеуі докторанттың зерттеу проблемасының көкейкестілігін дәлелдейді.

Асылзат Ибраева *зерттеу барысында* жеткіншектерді тәрбиелеу, дамыту, сахналық өнерді үйретудің мәні мен мазмұны қарастырылған шетелдік және отандық әдебиеттерге контент-талдау; мектептің оқу бағдарламаларына, оқушылар сарайының тәрбие бағдарламаларына талдау жасау; өзінің ой-тұжырымдарын теориялық негіздеу; эмпирикалық зерттеулер жүргізу (сауалнама, әңгімелесу, сұхбат және т.б.), педагогикалық эксперимент; статистикалық өңдеу әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

- теориялық-әдіснамалық талдаулар негізінде жеткіншектердің стреске төзімділігі ұғымының мәнін нақтылап, құрамын айқындады және ғылыми тұрғыдан сипаттады. Соның негізінде авторлық анықтамасын ұсынды;
- сахналық өнерді үйреті процесінің мәнін айқындады және оның жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық ықпалы мазмұнының сипаттамасын жасады. Сахналық өнерді жеткіншектердің стреске төзімділігін қалыптастырудағы құралы тұрғысынан негіздеп, оның мүмкіндіктерін анықтады;
- жеткіншектердің стреске төзімділігін сахналық өнерді үйрету процесінде қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін анықтады, құрылымдық-фунционалдық моделін жасады;
- жеткіншектердің стреске төзімділігін сахналық өнерді үйрету процесінде қалыптастырудың әдістемесін жасады және оны тәжірибелік-экспериментте апробациядан өткізіп, тиімділігін анықтады.

Ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен параграфтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді. Асылзат Ибраеваның жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (әрі қарай Комитет) талаптарына сай келеді. Оның жарияланымдары Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымында (Formation of stress resilience in adolescents through training in performing arts. International Journal of Adolescence and Youth. 2025. Health (social science) – 57 процентиль), Комитет

тізіміндегі журналдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда басылым көрген.

«Сахналық шеберлік» бағдарламасының, «Сахналық өнер және стреске төзімділік» факультативінің, психотехника тренингінің контенттік және процессуалдық мазмұнын жасауы және оны тәжірибелік экспериментте мақұлдаудан өткізуі докторанттың өз зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік меңгергендігін көрсетті және белсенділік танытты. Асылзат Ибраева диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында білімділігімен, біліктілігімен, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді.

Сонымен Ибраева Асылзат Утжановнаның «Жеткіншектердің стреске төзімділігін сахналық өнерді үйрету процесінде қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, диссертациялық жұмысты 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор **Абдигапбарова У.М.**

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ * НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ» * КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚҰПУ» КЕАҚ КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ _____